



*М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің ұжымына*

Құрметті әріптестер! Қымбатты достар!

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойына орай білдірген құттықтауымды қабыл алыңыздар.

Осы жылдар ішінде Сіздердің қара шаңырақтарыңыз ғылым мен ағарту ісінің нағыз орталығына, Солтүстік Қазақстандағы білім берудің қайнар бұлағына айналды. Ел мақтан тұтатын, мемлекетіміздің дамуына зор еңбек сіңіріп жатқан бүгінгі таңдағы бірқатар мемлекет, қоғам, саясат қайраткерлері М.Қозыбаев атындағы СҚМУ түлектері болып табылады.

Білім ордасына аса көрнекті ғалым, академик, еліміздегі мемлекеттік және қоғамдық институттардың қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан ұлттық тарихи ғылымымыздың кемеңгері Манаш Қозыбаев есімінің берілуі – университет дамуындағы маңызды кезең болып қалды.

Манаш Қозыбаев барлық күш-жігері мен өмірін Отанымыздың тарихын зерттеу мен саралауға арнады. Халықтың зор құрметіне бөленген ғалым 800-ден астам ғылыми еңбекті жарыққа шығарды. Академик Қозыбаев Қазақстанның бүгінгі таңдағы көптеген қайраткерлерінің ұстазы болды. Мен кезінде оның жетекшілігімен еңбек етіп, ғұлама ғалыммен рухани тығыз байланыста болғанымды мақтаныш етемін.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі жақсы дәстүр, ұлы ғалым және ұстаз Манаш Қозыбаевтың ардақты есімі мен жетістігі, профессорлық-оқытушылық құрам, студенттер мен түлектер үшін барлық уақытта да темірқазық жұлдыз болып қалатынына сенімдімін.

Берекесі мен бірлігі жарасқан ұжымдарыңыздың биік белестерден көрініп, Қазақстан Республикасының игілігі үшін қызмет етіп, табыстан-табысқа жете беруіне шын жүректен тілектеспін.

Ізгі ниетпен,

*«Нұр Отан» партиясы
Төрағасының
Бірінші орынбасары*

Мұхтар Құл-Мұхаммед

